

БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

Адамдар арасындағы достық

ЖАРИЯЛАНДЫ
28.11.2020

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/85921/>

Тақырыбы: Адамдар арасындағы достық		Мектеп: №34 ОМ	
Күні:		Мұғалімнің аты-жөні: Бақыт Қ.Ұ	
3-сынып		Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Оқу мақсаттары	3.4.4.1. «мүмкіндіктер тармағы» туралы түсінігі болу, күнделікті өмірде кездесетін түрлі жағдаяттар мен есеп шығаруда қолдану. 3.5.1.1. 2-3 амалмен орындалатын есепті кесте, сызба, қысқаша жазба түрінде модельдеу.		
Сабақтың мақсаттары	Барлық оқушылар:		
	«мүмкіндіктер тармағын» құру.		
	Бірқатар оқушылар:		
	«мүмкіндіктер тармағын» есептерді шығаруда пайдалану.		
Тілдік мақсаттар	Кейбір оқушылар:		
	«мүмкіндіктер тармағын» күнделікті өмірде кездесетін түрлі жағдаяттарда есептерді шығаруда қолдану.		
	Дағдыларын дамыту:		
	«мүмкіндіктер тармағын» қалай құруды түсіндіре алады.		
	Пәндік лексика және терминология:		
Тірек білім, білік, дағдылар	«Мүмкіндіктер тармағы», шешу нұсқалары.		
	Сабақта диалог/жазу үшін пайдаланылатын тіл:		
	Талқылау:		
	Есепті мүмкіндіктер тармағының көмегі арқылы шығару деген не? Оның қанша нұсқасы бар? Шешімдерді таңдап алуды қалай жүзеге асыруға болады?		
	Жазылымы:		
Жоспар	Есептердің шешуін жазып алу.		
	Әртүрлі есептерді шешу.		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланатын іс-әрекет	Қоры	

0-3	<p>Ынталандыру. <i>Санаймыз, балалар, тезірек санаймыз. Әрқашан жақсы істерді қалаймыз. Жаман істерге қадам баспаймыз. Жұмысымызды тезірек бастаймыз!</i></p>	
4-6	<p>Өзектендіру. Үстелде 3 алма және 2 алмұрт жатыр. Екі жемісті таңдаудың қанша нұсқасы бар?</p>	Пәндік картиналар
7-11	<p>Мақсат қою (мәселелі жағдаят) Оқушылар оқулықтағы 1-тапсырманы орындайды, тапсырманың шартына сәйкес балалардың барлық мүмкін болатын орналастыру нұсқаларын жазып алу үшін кестелерді толтырады. Оқушылар бұл тәсілдің «таңдап алу тәсілі» деп аталатынын айтады. Мұғалім мұндай тапсырмаларды қандай тәсілмен оңай шешуге болатынын сұрайды. Проблемалық жағдаят туындайды.</p>	Оқулық.
12-29	<p>Жаңаны ашу. Проблемалық жағдаяттан шығу үшін мұғалім сұрақтарға бірден жауап беруді ұсына отырып, жұмыс жоспарын құрады. Тапсырманы негізге ала отырып, оқушылар «мүмкіндіктер тармағының» суретін салады, таңдап алу әдісінің орнына бұл әдістің ішінен тиісті кестені таңдап алады, бірдей нұсқаларды бірдей түспен бояйды. Оқушылар балаларды сәкіге орналастыру нұсқаларының саны екі тәсілде де сәйкес келеді деген қорытындыға келеді. Түсіндіре отырып алғашқы бекіту. Оқушылар оқулықтағы 1-(ә) тапсырманы орындайды, ұсынылған 2-сызба бойынша «мүмкіндіктер тармағын» құрады, таңдап алу тәсілінің ішінен берілген кестеге сәйкес келетін «тармақтарды» белгілейді.</p>	Оқулық,
30-40	<p>Өзіндік жұмыс Оқушылар оқулықтағы 3-тапсырманы орындайды, егер цифрлар бір санда қайталанатын болса, 3 цифрды пайдалана отырып, қанша мүмкін болатын екі таңбалы сан алуға болатынын анықтайды. Өткенді қолдану 5-тапсырмада оқушылар атау берілген шамалардан тұратын өрнектердің мәндерін мұндай амалдарды орындау алгоритміне сәйкес табады. 6-тапсырмада оқушылар алдын ала палеткалардың көмегімен еркін нысандағы фигуралардың алаңдарын анықтау қағидасын қалыптастырып, фигуралар алаңдарын палеткалардың көмегі арқылы анықтайды. 7-ші және 8-тапсырманы топ болып орындайды. 10-тапсырма зерттеуді қажет ететін тапсырма.</p>	Оқулық, дәптер.
41-45	<p>Рефлексия. - Бүгін қандай тақырыппен жұмыс істедік? - Өзіміз үшін нені нақтыладық? - Бұл білімді қай жерлерде пайдалануға болады?</p>	